

ТАҢАТ ТӘҢІРБЕРДІҚЫЗЫ АЯПОВА

# КАЗАК ТІЛІ

МҰҒАЛІМ КІТАБЫ



СОРОС-ҚАЗАҚСТАН ҚОРЫ

ТАҢАТ ТӘҢІРБЕРДІҚЫЗЫ АЯПОВА

# ҚАЗАК ТІЛІ

## МҰҒАЛІМ КІТАБЫ

(Қазақ тілін екінші тіл  
және шетел тілі ретінде терендептіп оқытуға  
арналған оку құралы)



АЛМАТЫ  
„ҒЫЛЫМ“  
1998

## КУРСТЫҢ СИПАТТАМАСЫ

Бұл қазақ тілі курсы үш кітаптан тұрады: Негізгі оқулық, Үй дәптері және Мұғалімге арналған оқу құралы. Мұның өзі АҚШ-та шыққан „Қазақ тілін 200 сөйлем модельдері арқылы 70 қадамда үйренің“ атты оқу құралының жалғасы болып табылады.

Бұл курстың мақсаты — оқушыны әр түрлі ең соңғы әдістемелер арқылы еркін де сенімді сөйлеуге үйрету, білім деңгейін терендешту, қазақ халқы, елі туралы ауқымды мағлұмат беру, коммуникативті тәсіл арқылы оқушының алған білімін өз ортасында, қоғамында, орынды жерде сөйлесіп қолданта білдірту, қазақ тілінде сөйлеу арқылы өз өмірінің күнделікті тіршіліктең мәселелерін шешкізуға үйрету және әңгімелер, үзінділер, газет қындыларын оқып түсінуге үйрету және тағы басқалар.

Бұл курс 250 сағат аудиториялық және өзіндік жұмысқа арналған. Әр қадамға 6-10 сағатқа дейін уақыт беріледі. Әрбір жаттығу бойынша арнайы жұмыс орындалуы керек. Мысалы, әрбір жазбаша жұмыс алдында 2 сағаттық талқылау жұмысы бар. Содан соң мақала немесе әңгіме, шығарма жазу тапсырмасын береді. Әрбір білім бірнеше лексикалық және грамматикалық тақырыптан тұрады. Ол тақырыптар логикалық байланыста берілген. Мысалы: „Отбасы“ деген білімдегі 6 тақырыпбылайша болып келеді:

- 1-қадам: Өз үйім
- 2-қадам: Жеті ата
- 3-қадам: Қазақтар
- 4-қадам: Жұмыс
- 5-қадам: Құн көріс

6-қадам: **Отбасы сыйластығы** тақырыптары бір-бірімен тығыз байланысты, барлығы бір бүтін „Отбасы“ тексін жасайды. Барлық бөлімдерде сөйлеу әрекеттерінің барлық түрі тепе-тендікте қолданылған. Бөлімнің ішінде сөйлеу әрекетінің бір түрі басым болса, келесісінде басқа түрі басым. Негізгі оқулықтағы лексика-грамматикалық тестердің жауптары оқулық сонында берілген. Оқулық сонында үш тілде (қазақ, ағылшын, орыс) берілген сөздік бар. Оқушыға женіл болуы үшін әр қадамның жаңа сөздері жеке алфавит ретімен берілген. Үй дәптерінің жауптары да әрбір 5-6 қадамнан соң қайталаңып берілген, тек соңғы қадамдардың жауптары жоқ, себебі оқушы өз күшін сынап байқасын, мұғалім тексерсін деген мақсат.

Үй дәптерінің сонында қысқа үзінділер, газет қындылары бар. Бұндағы мақсат оқушыны осындағы әңгімелерді, мақалаларды өздігінен оқып үйренуге және кішігірім шығарма жазуға үйрету.

## КУРСТЫҢ НЕГІЗГІ ӘДІСТЕМЕ БАҒЫТТАРЫ

Бұл курстың негізгі әдістемелік бағыттары қысқаша мына төмендегідей:

1. Негізгі оқулықтағы және Үй дәптеріндегі тілдік материалдар қазіргі өмір шындығынан алынған немесе соған бейім әңгімелер, қысқа текстер, қын-

дылар, ойындар (“Шырмауық” ойыны), өйткені осындай тілдік материалдардан күнделікті тіршілік-тегі ситуацияларда қолданылатын қазақ тілін үйренуге болады. Осы курстың әр сабағынан соң оқушы сол тақырып бойынша алған өз білімін (қазақ тілі білімін) тиянақтап, тілді менгере түседі.

Бұл материалдар ғылыми-теориялық түрғыдан берілген жок; бұлар — әбден оқу процесінде шындалып, бірнеше рет қолданылып, өндөлген тілдік материалдар.

2. Оқу процесі (қазақ тілін үйрену процесі) білеттіннен білмейтінге, оңайдан қыынға бағытталған. Мәселен, бір тақырыпқа жұмыс жасардан бұрын, сол тақырып немесе мәселе туралы „оқушы не біледі?“ деген мақсатпен „Сұрақ-жауап“ немесе „Талқылау“, „Ой алмасу“ деген тапсырмалар беріледі. Содан соң оқушының азды-көпті білетінінің негізінде жаңа тілдік материалдар бойынша жұмыс жасалынады.

3. Оқушылар әр түрлі лексикалық және грамматикалық тақырыптарға байланысты әр түрлі қыындықта берілген жаттығулар мен тапсырмалар орындаиды. Аудиториялық жұмыстың жалғасы Үй дәптеріндегі тапсырмаларды орындауға үласады. Оқушы шығармашылығының дамуына аса мән беріледі. Басты көніл бөлінетін нәрсе — сөйлеу әрекеттерінің түрлері — сөйлеу, оқу. Сөйлеу және оқуды менгергеннен соң, жазу жаттықтырылады. Әсқа адамдармен сұхбаттасу, өз жұптарын тыңдай отыра сөйлеу, мұғалімнің айтқанын тыңдалап түсіну арқылы сөйлеу әрекетінің тағы бір түрі — тыңдауды дамыта қалыптастырады.

---

4. Тіл үйретуде оқушының үйренген білімінің оның өз өмірінде қолданыс табуына және оның шығармашылықпен қолданылуына мән беріледі.

Осы курстағы көптеген жаттығулар, мәселелердің шешімі нағыз шындықпен тікелей байланысты. Берілген жаттығуларды жасап, сөйлеу және оқу әрекеттері арқылы дұрыс нәтижеге жеткен оқушы өз ортасында қазақша еркін сөйлей алады. „Егер оқушы сөйлегендеге қателер жасаса, ол оның тілді шындық негізінде үйреніп және дұрыс сөйлеуі қалыптаса бастағаны“ — деп түсіну керек. Тілді үйрену еki жақты процесс екені айқын. Оқушының тілді үйренуі сөздермен жұмыс жасаудына, өзіне қоятын талабына, кунделікті жасайтын еңбегіне байланысты. Жаттығулардың және әр түрлі тапсырмалардың түсіндірмелері тек қана қазақ тілінде берілген. Сөздерге жұмыс жасауды түсіндірме сөздік, қос тілді сөздік қолдану арқылы іске асады. Біз бұл тәріндептілген қазақ тілі курсының оқушыларға арналғанын ұмытпаудың керек.

## ОҚЫТУ ТӘСІЛДЕРІ

Осы курстағы оқыту тәсілдерінің алуан түрлілігін атап өту қажет.

• Сөйлеу әрекеттерінің ең мәнді түрі — сөйлеу. Оқушыны сөйлету үшін мынандай сөйлеудің түрлері қолданылады: сұрақ-жауап талқысы; салыстыра отырып әңгімелдеу; диалогтық сөйлеудегі ойды көрсете білу; мақал мағынасына байланысты сөйлеу-сұхбаттасу; сұхбат туралы айтуда; сұраққа жауап, логикалық ой тұжырымын дамыта отыра сөйлетуде; ой алмасу; корытындылауда; дәлелдеуде; си-

туация арқылы сөйлету; баяндау тәсілі арқылы сөйлету; шырмауық ойыны арқылы сөйлету; жоспарлау арқылы сөйлету; байымдау; туйіндеу; проблемалық сұрақтарды талқылау; шарт қою; текстің желісі бойынша өз ойын ортаға салу, сөйлеу үшін ой-өрісті кеңейту (сол үшін берілген үзділдер Негізгі оқулықта және Үй дәптерінде де бар). Осы сөйлеудің түрлерінің қалай қолданылатынына аса мән берілуі керек.

• Оқу. Негізгі оқулықта тексті немесе әңгімені оқудан бұрын сұрақтар беріледі. Ол сұрақтар бойынша сол тақырып немесе сол текстегі мәселеге байланысты оқушы не біледі, не білмейді соны білу бір мақсат болса, екінші мақсат — өз білімі деңгейінде өз ойын айтқызып, текстегі немесе әңгімедегі уақиғаны білуге үмтүлдіру, ынталандыру.

Бұл жұмысты бүкіл класс болып немесе 4-5 оқушы бірігіп, немесе жұппен талқылауға болады. Сөйлеудің бұл түрін „ынталандыру, қызықтыру“ деп атаса да болады.

• Тексті оқығаннан соң түсінікті тексеруге арналған жаттығу бар. Ол „шын“ немесе „жалған“ деген сөздер арқылы беріледі. Бұл жаттығу тек қана оқушы түсінігін тексеріп қоймай, сонымен қатар тексті түсінуге сөйлемдер арқылы көмектеседі.

• Сұрақтарға жауап (тексті бойынша) оқушы білімін текст бойынша тереңдетуге арналған.

• „Бұл мәселе туралы сіз не ойлайсыз?“ немесе „Сіздің ойыныз“ деген тақырыпта оқушы текстегі мәселе бойынша өз ойын ортаға салып, еркін айтуда үйренеді. Мұнда алуан түрлі тапсырмалар проблеманы шешуге бағытталған әдіс арқылы беріліп, оқушының оны шешуіне мүмкіндік жасайды.

• „Қазақ тілін жақсы сөйлейтін кісіден сұхбат алыныз“ атты жаттығу да аса мәнді әдіс.

Сұхбаттасудың мақсаты — сөздерді қайталау, еркін де дұрыс қолдануға үйрету, грамматикалық материалды, конструкцияны орынды қолдануға үйрету. Сұхбаттасу оқушыны дұрыс интонациямен (ырғакпен) сұрақ қоюға, сөйлеудің бір қалыптылығына дағдыландырады. Біреуден сұхбат алғанда оқушы оны тұжырымдап, оның қызық және үтымды жақтарына мән береді. Класта сұхбаттасуды оқушыға үйрете білу қажет. Ол үшін оқушылар сұхбаттасқанда қандай сұрақтар қоюға болатынын жазып, содан соң класс болып сұрақтарды талқылайды.

Тақтаны 3 бөлікке бөлесіз.

Сөздер, фразалар	Сұрақтар	Өтініш, ескертпе, макұлдау, жоққа шығару
Түркістан қаласы көне .....	Түркістан қаласы сізге неге үнады?	Қайталап айттыңызшы! Менінше, сіз қателестіңіз. Сіздің айтқаныңыз дұрыс.

Әрбір жұп өз сұрақтарын, сөздер мен сөз тіркестерін жазады да логикалық немесе грамматикалық қателерді табады. Осыдан соң оқушылар бір-бірінен дайын сұрақтармен интервью алып жаттығады. Оқушылар өз алған интервьюін қорытындылап айтады. Тек осы тәжірибеден соң, олар қазақ тілінде сөйлейтін кіслерден, таныстарынан, қонақтарынан сұхбат алып, оның қорытындысын жазбаша (не ауызша) баяндайды.

## KLW KESTECl

Бұл кестені осы курста бірнеше тақырыпқа колдануға болады.

Кестенің мақсаты — белгілі бір тақырып бойынша оқушының ойын еркін айтуға және жаңадан үйренген білімін немесе тапқан фактілерін бұрынғы біліміне үштастырып жүйелілікпен айтуға үйретеді.

Мұғалім кестені тақтаға іліп:

а) Оқушыларға „Бүгін біз қазақтардың өткен өмірі туралы айтамыз“, — дейді.

ә) Түсіндіру

K (Knowledge — білім)	L (Learn — үйренгенім)	W (Want to know — білгісі келу)
Белгілі бір тақырып бойынша білетінім — білімім.	Осы тақырып туралы үйренгенім.	Осы тақырып туралы не үйренгім (білгім) келеді.

б) Қазақтардың өткен өмірі туралы не білесіз?  
2 сөйлем „K“ әрпінің астына жазыңыз.

в) Не үйрендініз? Не естідініз? (Қазақтар өмірі туралы). Сол туралы 2 сөйлем „L“ әрпінің астына жазыңыз.

г) Не үйренгініз келеді? (Қазақтар өмірі туралы). Не себепті?

д) Топпен (3-4) жұмыс жасап, талқылап отырып жоғарыда көрсетілгендей жазу керек. Егер оқушы жаза алмаса көмектесу керек.

е) Әр оқушы тақтаға келіп, өз сөйлемдерін әр әріптің астына жазып отырады. Сонымен қатар қателерді мұғалім түсіндіріп, жөндең отырады.

ж) Бүкіл класс болып жиналған сөйлемдерді кесте бойынша талқылау керек.”

Кейбір оқушыға жеке дайындалуға мүмкіндік беру керек.

## РОЛЬДЕРДЕ ОЙНАУ

Оқу процесінде ойын ойнау аса маңызды. Рольдерде ойнау оқушы үшін пайдалы, себебі ол өзінің үйренген білімін өзі өскен ортада, нақты ситуацияларда өз өміріне қолдана алады.

Оқушы еркін де тез және ұтымды сөйлеуге үйрениді. Ойлау бірте-бірте қазақ тіліне ауыса бастайды. Ойын кезінде бұрынғы сөздер, сөз тіркестері және бұрынғы грамматикалық материалдар қайталаңады.

**Мысалы:** Оқулықтағы „шырмауық“ ойыны. Негізгі оқулықта басталып, Үй дәптерінде аяқталады. Әр түрлі өмірде кездесетін мәселелерді қалай шешуді және жоспарлауды үйретеді. Кейде карточкалар жасап (сөздер, сөз тіркестері үшін) қолдануға болады. Класта әр түрлі рольдерді ұсынып та ойнатуға болады. Мәселен, сіз асырып жұмысқа бара жатырысыз, досынызды кездестірдіңіз. Не айтасыз? Қалай тез оны өкпелетпей кетесіз? Осыған байланысты сөз тіркестерін жазыңыз. Содан соң дайындыққа 7-10 минут бересіз. Олар тұрып, класта жүріп жаттығады, ал мұғалім әр жұпты тыңдалап көмектесіп жүреді.

• Сұхбат туралы қысқаша әңгіме жазу немесе осы сабактағы лексикалық тақырыпқа байланысты тілдік материалдар жинап, шығарма немесе мақала жазу

тіл үйретудің бірден-бір ұтымды құралы. Жазуарқылы жүйелі сөйлеуді, сөйлеу стилін үйретіп және ауызекі сөйлеу тіліндегі оқушы қатесін көріп, жөндең жұмыс жасатуға болады. Жазуға арналған әр түрлі тапсырмалар бар. Олар онайдан қынға бағытталған. Ресми хат жазылған. Оқушыға тек қана стильдік қатені табу керек. Бұл жерде оқушы стильдік қатені іздей отырып, ресми хатты қалай жазуға болатындығына және оның ішкі мазмұнына мән береді.

• Сұхбат туралы жиылған материалдарды класта талқылап, содан кейін жазуға тапсырма беру керек.

• Оқушылар әкелген газеттерден алған қындыларды да класта талқылап, оларға мақала жазуға көмектесу керек. Жазу жаттығулары міндепті түрде класта ауызша талқыланып, содан кейін үйге беріледі.

• Курстағы грамматикалық материалдар әр түрлі контекстерде, кейде шағын текстер арқылы берілген. Негізгі қайталанатын материалдар:

- Шақтарды қайталау: Осы шақтың түрлері
- Өткен шақ түрлері
- Келер шақ түрлері
- Шартты райдың қолданысын көнегіту
- Қалау рай және оның түрлері
- Сын есім
- Үстеу жүрнектары, үстеудің түрлері
- Модельді сөз „екен“
- Күшейтпелі демеулер
- Нақтылды демеулер
- Етіс түрлері
- Көсемше

- Есімше
- Құрмалас сөйлемдер: салалас құрмалас сөйлемнің түрлері
- Сабақтас сөйлемдер түрлері
- Төл сөз
- Төлеу сөз.

Осы грамматикалық материалдарды өмірдегі ситуациялар арқылы, жаттықтыру арқылы оқушыны сөйлеу тілінде қалыптастыруға арналған үлкен жұмыс Негізгі оқулықта және жалғасы Үй дәптерінде жасалынған.

- Аударма аса жи қолданылмайды. Мұғалім окушы түсінігін тексеру үшін тек керек жерде ғана қолданса болғаны.
- Сөздермен жұмыс жасағанда „ана тіліңзге аударыныз“ деп тапсырма берілген. Сөздерді қос тілді немесе Абай тілі сөздігінен, немесе кез келген түсіндірме (қазақ тілінің) сөздіктерінен қарап, оқып түсіну қажет. Негізгі оқулықта әр сабакта қолданылатын 1—2 сөздің Абай тілі сөздігіндегі түсіндірмесі берілген. Сөздерді әрбір лексикалық тақырыпта жалпылап беріп, оқушыға осы сөздерді белгілі бір З семантикалық топқа немесе 4 топқа бөлу керек деген тапсырмалар беріледі.

**Мысалы:** жұмысқа қатысты сөздерді қараңыз. 4 топқа бөлінген.

Жұмысқа орналасу. 3 топқа бөлінген.

- Негізгі оқулықта Үйретуге арналған 2 лексика-грамматикалық және бақылауға арналған 1 тесті бар. Тест соңында критериялар берілген. Оқушы өз біліміне баға бере алады. Осы тестерге дейін оқушылардың өздеріне жауабы бар осыған үқсас

тестер жасату керек. Әр оқушыға 2 сөйлемнен тұратын тесті жасатсаңыз, класта 10 адам болса 20 сөйлемнен тұратын тест құралады (жауабымен). Оқушылар жұп жұмыс жасағанда, оны мұғалім тексеріп үлгереді. Содан соң бір-бірімен тестерін алмасып, әр бала 20 сөйлемді жасап үлгереді.

Үй дәптері кластағы оқу процесінің жалғасы болып табылады. Класта алған грамматикалық материалдарға, жаңа сөздерге әр түрлі ситуациялық жаттығу арқылы жұмыс жасалынады. Бұл дәптер оқушының өзіндік жұмысына нағыз керек құрал.

- Ел мәдениеті, дәстүрі туралы да оқу процесінде сөз болу керек. Оқушы екі халық, екі ел мәдениетінің айырмашылығын, үқастығын өзі салыстырып айту керек. **Кесте = КЕБ** (көрдім, естідім, білгім келеді).

Көрдім	Естідім	Білгім келеді
Қазақ отбасы кіші ұлымен және оның жанұясымен бірге тұрады.	Қыздың әке-шешесі қызы және күйеу баласымен бірге тұрмайды.	Қыздың әке-шешесі қызының жанұясымен бірге неге тұрмайды?

Осы кестені бүкіл класс толтырған соң, оқушылар мұғалім көмегімен қорытындылайды; бір-біріне (жұппен) айтып шығады.

- Оқушыны өз білім деңгейін білуғе, бағалауға үйрету керек. Ол үшін оқушы өз білім деңгейінің бүкіл курс бойынша қаншалықты көтерілгендейдігін білуі қажет. Оқушы өздері оқып жатқан тақырыпқа

байланысты бір тексті немесе әңгіме тауып оқыған соң, қысқаша түсінігін жазу керек.

**Мысалы:** Бір парапты екіге бөліп, төмендегіше жазу керек.

Мазмұны:

Сол мазмұнға байланысты сұрақтарды және жаңа сөздерді аудармасымен.

Аптасына бір рет жеке дәптерге жазып отыру керек. Бұл жазғаның класта айтуға мүмкіндік жасау керек. Оқушы өзі оқыған әңгімені жаңа сөздерді қолдана отырып, сұрақтардың көмегімен айтып береді. Бұл жұмыс оқушыны шығармашылыққа үйретеді. Негізгі оқулықта, кейде Үй дәптерінде мынандай тапсырма берілген: „Осы тақырыпқа лайықты материалдар тауып, сол туралы жаз“. Міне, осы тапсырманы жоғарыда айтқандай жасату керек. Орындау үшін оны оқушыға көрсетіп түсіндіру керек.

• Оқушыны күнделікті өз білімін бақылауға үйрету керек.

Ол үшін: а) оқушы күнделікті 5-6 сөйлемнен тұратын бақылау жұмысын жазу керек.

ә) Ол жұмысты көршісімен тексереді.

б) Бақылау жұмысының қорытындысын сұраныз.

в) Қандай тілдік материалға бақылау жасағысы келетінін білу керек.

• Әр апта сонында оқушыны өз біліміне баға беруге үйрету керек.

• Оқушымен бірігіп жұмыс жасау (обратная связь).

а) Оқушы мұғаліміне хат жазады (екі аптада бір рет). Не туралы? Өзінің тілді қалай үйренгені жай-

лы; мұғалімнің тілді үйретуінін ұтымды және әлсіз жағы туралы. Қандай ұсынысы бар?

ә) Оқушы ойына орай мұғалім өзінің сабак беру және жоспарлау тәсілін жақсартып, өзгертіп отырады.

## I БӨЛІМ

### ОТБАСЫ

#### 1-қадам

#### Өз үйім — кең сарайдай боз үйім

- Сабактың мақсаты:
- Өз отбасы туралы терендете айтқызу. Қазіргі кездегі отбасы мәселелері туралы айтқызу.
- Қазақ халқының отбасындағы ерекшеліктерді: „Қара шаңырақ, кенже бала, жанұя иесі“ деген үғымдарды түсіндіру. Газет, журналдардан отбасы мәселелері туралы қыындылар тауып оқуға, сол туралы айта білу (жаза білу).
- Грамматикалық материалдармен жұмыс. Бұл сабакта дерлік осы шақ түрлерін қайталау жоспарланған (Негізгі оқулықтың 58-59-беттерін қараңыз). Жазбаша үй жұмысын тексергенде де осы шақ түрлеріне мән беру керек.
  - Оку және сөйлеу.
  - Сұраптарға жауап беру (оқудан бұрын).
  - Сөздер ерекшелігін көрсету.
  - Досынан оның жанұясы туралы сұрау.
  - Сөздерді сөздіктен қарап мағынасын білу, ту-сіну. Тексті оқығанға дейін оқушыға тексте не ту-

ралы айтылатынын білдіреді. Осы тақырыпты білу-  
ге ынталандырады.

● Тексті оқығаннан кейінгі жаттығулар оқушының  
текст туралы түсінігін тексерумен қатар, оны осы  
тақырып бойынша сөйлетуге бағытталған.

● Сұхбат сұрақтары сұрақ қоя білуге үйретуге жә-  
не еркін сөйлеуге, ұялмауға, тәжелу (сөйлегендे)  
процесін болдыртпауға бағытталған.

● „Өз дәстүрізбен салыстырыңыз“ атты тапсыр-  
ма да аса қызық өтуге тиісті.

● „Өз үй-ішініз туралы айтыңыз, жазыңыз, мақала  
тауып айтыңыз, қазіргі отбасы мәселелері туралы  
әңгіме жазыңыз“ тапсырмалары оқушы шығарма-  
шылығын дамытуға жоспарланған.

Келесі сабак басында 16-жаттығудан (талқылау-  
дан) бастау керек. Белгілі бір тұжырым жасау ке-  
рек. Ол мәселелер: а) материалдық жағы; ә) жұмыс-  
сыздық; б) отбасы сыйластырының жоқ болуы;  
в) жанұяның бірлігінің болмауы; г) ерлі-зайыптылар-  
дың ажырасуы және т. б.

● Үй дәптеріндегі тапсырмаларды түсіндіріп (орыс-  
шаға аударып егер қажет болса) көрсету керек. Үй  
дәптері — аудитория сабағының жалғасы.

## 2-қадам

### Жеті ата

- Сабактың мақсаты: Жеті ата үфімын түсіндіру  
арқылы оқушыны сөйлету.
- Сөздердің мағыналарын түсіндірмे сөздік ар-  
қылы беру.

- Сөздермен жұмыс, сұраққа жауап, текстің мазмұны бойынша шын және жалған туралы айту, мақал-мәтедер мағынасы, сұхбаттасудың түрлері оқушыны сөйлетуге бағытталған әдістемелік құралдар.
- Сұхбат туралы, жеті ата туралы шығарма жазу, мақала жазу осы жаттығулардан соң қын болмайды.
- Сұхбаттасқаннан кейін барлық сұхбат материалдарын класта талқылау керек. Ондағы мақсат — сөздер мағынасы бойынша жұмыс жасату, сұрақ қоюға үйрету. Оқушының өздеріне сұхбат сұрақтарын жасату. Тек қана осы тапсырмаға 2 сабак арналады.
- Аталған тақырыпқа байланысты жиналған газет қындыларын да класта талқылау керек. Оқушыға көмек бере отыра мақала жаздырту керек. Әр қадамға (тестерден басқа) 6 сағаттан 10 сағатқа дейін уақыт жұмсалуы керек.
- Үй дәптері осы кластағы сабактың жалғасы. Кейбір жаттығуларды қажет деп тапсаныз класта алуға болады. Үй дәптерінің тапсырмасын міндепті түрде түсіндіру керек.

### 3-қадам

#### Қазақтар

- **Бұл сабактың мақсаты:** „Қазақ“ сөзінің төркінін түсіндіру; қазақ халқының үш жүзі туралы мағлұмат беру. Оған 6 сағат уақыт берілген. Аталған сабактағы текстер негізінен грамматикалық құрылымдарды өткен шак түрлерін жаттықтыруға арналған.

---

Осы оқулықтың 11-бетінде өткен шақ формалары берілген. Әр түрлі бағдарламалы-карточка, мини-тестер арқылы класта жұмыс жасалыны қерек.

• Үй дәптері осы аудитория жұмысына тығыз байланысты. Бұл сабакта дерлік өткен шақ формалары жаттықтырылады.

#### *4-қадам*

#### **Жұмыс**

- Сабактың мақсаты:
- Жұмыс тақырыбына „шырмауық“ ойыны арқылы теренірек жұмыс жасау.
- Әңгіме және сөйлеу әрекетінің түрлері арқылы бұрынғы өткен шақтың көсемше арқылы жасалған 2-формасына жұмыс жасау.
- „Шырмауық“ ойыны арқылы әр түрлі жұмыс және іс-әрекет, адамдар жоспары туралы оқыта отырып қызу талқылауға жеткізу.
- Жұмысқа орналасу жәніnde ресми хат жазуға үйрету.
- Етістіктің осы шақ және өткен шақ формаларын оқушы есіне тағы да бір рет салу.
- Грамматикалық материал бойынша жұмыс жасау.

„Түсімде“ тексі бойынша бұрынғы өткен шақтың көсемше арқылы жасалған формаларына жұмыс жасау. Осы текст арқылы аталған формалық функцияны түсіндіру. Мен түсімде театрға барғаным есімде жоқ. Кейін есіме түсті. Арнайы ереже айтып қажеті жоқ. Үлгі арқылы беріліп түр.

а) Текстен кейін оқушы кестені оқиды. Ондағы мақсат — оқушыға әр түрлі жіктік жалғауларды көрсету.

ә) Функциясын, формасын түсінгеннен кейін сол сөйлемдерді аударады. Ондағы мақсат — түсінді ме, түсінбеді ме, соны білу. Осы жерде мұғалім егер аударма дұрыс болмаса, бұрынғы өткен шақ формасын түсіндіруі керек (өте қысқа түрде).

б) Ситуация арқылы тағы да бір рет бұрынғы өткен шақтың 2-түрінің қолданысын көрсету және ситуация арқылы оқушыға қолданырызу.

в) Әр оқушы ауызша кішігірім ситуация — әңгіме беріп қолдануы керек.

1. Текстер арқылы тағы да осы грамматикалық құрылымға теренірек жұмыс жасау керек. Тексті тек қана грамматикалық форманы жаттығуға негіз етіп аламыз. Оны айтып шығудың қажеті жок.

3, 4-жаттығулармен жұмыс жасағанда мұқият орындаіық. Бұл жаттығуларды әр оқушы жеке немесе тізбектеп жасауына болады.

• **Оқу және сөйлеу.**

„Шырмауық“ ойыны арқылы оқушы ойын дамыта және қызықтыра отырып оқуды үйретеміз. Бұл ойындағы берілген ситуациялар мен сұраптар ғылыми түрде зерттелген енбектен алғынып отыр. Бұл ойын үзак болғанмен де оқушы қызығып жасайды. Студенттер топтасып (3-4 адам) немесе жұппен жұмыс істеуіне болады. Тек қана оқып қоймай, өзі тандаған шешімді талқылауы керек. Бұл ойынның карталарын оқушыларға жеткілікті етіп беру керек. Үй дәптерінде берілген картаны класта қолдану керек. Мұғалім басқарып жүру керек. Егер тек-

терде жаңа сөз болса, оқушыларға аудармасын айта салмай, оларға сөздіктерден іздестіру керек. Бұл жұмыс оқушыны өз бетімен сөздікпен жұмыс жасауға үйретеді. Класта әрбір жұпқа жететін сөздіктер болуы керек. Оқушылар алдын ала карталарды оқымауы керек. Ең сонында 20, 21, 22 карталарға келгенде әр топтың шешімін тыңдау керек.

- Бұл жұмыс оқушыны еркін оқуға үйретеді.
- Еркін сөйлеуге үйретеді.
- Сөздікпен жұмыс жасауға үйретеді.
- Тез шешім қабылдауға, ойды қазақ тілінде шешуге үйретеді.
- **Сөйлеу.**

Талқылау арқылы еркін сөйлеуге үйрету керек. 7-жаттығудағы сұрақтарды бүкіл класс болып талқылау керек. 8-жаттығудағы сұрақтарды бірінші жұппен, содан кейін тізбектеп, класпен жасау керек.

- **Жазу.**
- Ресми түрде жұмысқа орналасу үшін хат жазуды үйрету.

#### **Мақсат:**

- Мәдениетті жазуға үйрету.
- Жазу стиліне мән бергізу.

Ресми хатты жазу ережелерін үйрету.

Оқушылар хатты оқиды:

а) Қателерді және дұрыс емес жерлерін табады.

ә) Мұғалім сұрақ қояды:

Мекен-жайы қайда жазылу керек?

Хат қалай басталу керек?

Хат қалай аяқталу керек?

Қай жерге атыңызды жазуыңыз керек?

б) Мұғалім хатты талқылай отыра кемшіліктерін көрсетеді.

в) Оқушы қайтадан хатты көшіріп жазады.

• **Үй дәптері бойынша жұмыс.**

Үй дәптері кластағы жұмыстың жалғасы. Үйге тапсырма берерден бұрын мұғалім мына тәмендегі тапсырманы оқушыға айтуды керек:

1. Әрбір жаттығудың тапсырмасын түсіндіру керек.

2. Ол тапсырмалардың мақсатын және жасалу жолдарын айтуды керек. Әсіресе кестелерді толтыруды көрсетуде керек.

## 5-қадам

### Күн көріс

• **Сабактың мақсаты:**

„Шырмауық“ ойынын ойната отырып, тексті түсінуді, әр түрлі күнделікті күн көрісіне қатысты мәселелерді шешуді және сөйлеуді, талқылауды, жоспарлауды үйрету. Бұл ойында ең жиі кездесетін мамандықтар және олардың ғылыми топтарға бөлінуі туралы көп мағлұмат алуды.

• Өткен шақтың тағы бір түрін (бұрынғы өткен шақ) қысқаша текстер арқылы жаттықтыру және сол шақты қолдана отырып сөйлеуге үйрету.

• Ресми хат жазуды үйрету.

• **Ой алмасу кезіндегі мақсат:**

• Еркін сөйлеуге үйрету.

• Өз жұмысын, проблемаларын жоспарлауда, шешуге үйрету.

- Сөздерді түсіндірме сөздіктен қарап, оларды дұрыс мағыналарын сөйлеу ағынында еркін қолдану.

- **Негізгі грамматикалық материал.**

Бұрынғы өткен шақтың -ып, -іп, -п арқылы жасалатын түрі. Бұл материалдың қысқаша текстер арқылы контексте түсіндіріліп жаттықтырылуы, әр түрлі ситуацияға қалай қолдануға болатындығы үйретіледі. Етістіктің өткен шақтағы формалары үйретіледі. Түйік етіс, жедел өткен шақ, бұрынғы өткен шақтың 1-түрі, 2-түрі.

• „Сіз де газеттен жарнама оқыдыныз“ деп тапсырма берілген. Бұл тапсырманы берерден бұрын окушыға „газеттен алған қындыларды класқа алып кел“ деп тапсырма беру керек. Класта сол қындыларды оқып, сөздер бойынша жұмыс жасау керек. Іскер қазақ тілін үйрете беру керек. Осындай жұмыстан кейін ғана өтініш жазуды үйретуге болады. Кластағы ауызша жұмыстың жалғасы үйдегі өтініш жазумен ұластырылады.

## 6-қадам

### Отбасы сыйластығы

- **Сабактың мақсаты:**
- **Сөйлеу:**
- Қызының әкесімен арасындағы түсінушілікті, сыйластықты бере отырып, окушының ойын оятып сөйлеуге итермелуеу.
- Осы тақырыпта өз өмірімен байланыстыра сөйлеуге, жанұя мүшелерінің сыйластығы туралы

айтуға, оның жасқы және жағымсыз жағын көре біліп, сөйлеуге үйрету.

- Аталған тақырыптың желісінде ауыспалы өткен шақтың формаларына жұмыс жасатып, оларды сөйлегенде қолдандыру.
- Қазақ халқының амандасу дәстүрі туралы мағлұмат беру.
- Осы дәстүрдің өз ортасында қандай формалары бар екенін байқап, сол туралы айту (11, 13, 14-жаттығулар, 31—32-беттер).
- Өз дәстүрімен салыстыра айту.
- **Оқу.**
- Текст арнайы күнделікті өмірге арналған болуы қажет. Бірден сол текстегі ойды дамытып, ойландырып сөйлеу керек. Сол үшін 6, 7, 8-жаттығулар (20—28-беттер) берілген.
- **Ой алмасу.**
- Осы тақырыпқа байланысты ой алмасу (2—7-жаттығулар) өз деңгейінде жүргізілуі керек.
- Ой алмасу жұмысын мақалмен үштастыру керек. Ол мақалдың баламасын айта отырып, ондағы қазақ халқының философиялық ойын үғындыра білу керек. Осы мағынада өз ана тілінде мақал баржоғын біліп, егер бар болса, сол мақал туралы сөйлету керек. Оқушы үшін басқа ел мәдениетін, дәстүрін біле отыра, өз мәдениеті туралы салыстыра айтқызу, оның мәдениетін білгенімізге „қуанамыз“ деп айту (кемшілігі немесе жағымсыз жағы туралы сөз болмауы керек) аса ерекше. Осындай әрбір жұмысқа бір сабак арнауға болады. Бұл мәселе (әр сабакқа немесе оның бөлігіне қанша сабак арнау керектігі) аудиториядағы оқушылардың білім деңгейіне тығыз байланысты.

- „Амандасу салты“ тексі тек қана информация үшін берілген.
- 13-жаттығуға бір сабак арнауға болады. Бұкіл кластағы оқушылар өз байқауын, жинаған материалдарын ортаға салып талқылайды. Белгілі бір қорытындылау жасау керек.

## II БӨЛІМ

### САПАР ШЕГУ

#### 7-қадам

##### Көлік

- Сабактың мақсаты:
- Көліктің түрлерімен қайда және қалай баруға болатындығын сөйletіп үйрету.
- Көліктің түрлері арқылы сөздік қорды кеңейту, сын есім, зат есімдермен жұмыс жасау.
- Қазақ елінің көне қаласы Түркістанмен және қазақ елімен таныстыру.
- Әр түрлі өзу жолы компаниясымен таныстыру, өз ойларын айтқызу.
- Мақсатты келер шақты жаттықтыру, қолдана білуге үйрету.
- **Сөйлеу. Тыңдау. Оқу. Жазу.**

2, 3, 4-жаттығулар сөйлеуге арналған. 3-жаттығумен мұғалім кластан соң жүппен немесе топпен жұмыс істеу керек.

Тексті оқығанға дейінгі 5, 6, 7-жаттығулар бірбірімен тығыз байланысты. Әсіресе 7-жаттығуды мұғалім-класс, содан кейін оқушы-оқушы жүйесімен

талқылау керек. Мұғалімнің әрбір жұппен бірігіп, алма-кезек жұмыс жасап көмектесуі міндетті іс.

9-жаттығуға орай интервью алғаннан соң, сол сұхбат туралы айтқызу керек. Оны жұппен немесе жеке-жеке т. б. жолдармен тексерген жөн болады. Сұхбат мақсаты тыңдауды да жақсы дамытады. Текстен кейінгі берілетін „Шын немесе Жалған“, 10-жаттығу оқушы түсінігін тексерумен қатар, оған тағы бір рет текстің мазмұнына мән бергізеді. Егер оқушы жауабы дұрыс болмаса, текстен сол эпизодты тауып, оған оның көзін жеткізе дәлелдеген жөн.

11-жаттығу оқушы ынтасын арттыра түсепі сөзсіз. Ол құлшының жұмыс жасайды. Бұл сабактың соңында Қазақстан, Түркістан текстерінен соң осы сияқты ауызша сөйлеуге, жазбашаға арналған жаттығулар бар. Оларға жұмыс алдыңғы тарауларда сипатталынған.

## 8-қадам

- Сабактың мақсаты:
- Болжамды келер шақ пен шартты рай формаларын таныстыра отырып жаттықтыру; қолданысын үйрете отырып жүргізу.
- Қожа Ахмед Ясауи және ол кісінің сағанасы туралы мағлұмат беру, өйткені Түркістан туралы әнгіме болған жерде қасиетті бабамыз туралы сөз болмай мүмкін емес сияқты.
- Оқушының өзіндік жұмысына мән бергізу. Мысалы, 6-жаттығу: Арыстан-бап немесе Қазақ-Түрік университеті туралы материал жинап шығарма жазуы.

### III БӨЛІМ

#### АБАЙ ЕЛІ

##### 9-қадам

- Сабактың мақсаты:

- Бұл сабак қазақ елінің ұлттық валютасы, ел таңбасы, Туы туралы болғанмен де, жалпы „ақша“ тақырыбына арналған.

- Сөздермен жұмыс: Сөздерді семантикалық топтарға бөлу арқылы ол сөздерді түсіндірме және қос тілді сөздікпен қарап, мағыналарына мән бергізе отырып үйрету көзделген. Бұл берілген сөздердің қолданыс аясы кең, жиі қолданылатын сөздер мен сөз текстері окушы өмірімен тығыз байланысты.

- Сөйлеу. Тыңдау. Оқу. Ой алмасу. Жазу.

Бұл сөйлеу әрекетінің 4 түрі туралы қайталап айту қажет емес, бірақ бұлар бір-бірінсіз іске аспайды; әр берілген жаттығу тып-тиянақты жұмысты талап етеді, сондықтан да бұл курс 250 сағатқа жоспарланған.

- Ең соңғы 17-жаттығуда берілген тапсырма бойынша мына тәмендегі жұмыстар жасалыны туіс.

1. Класқа оқушылар өз ұсыныстарымен, ойларамен келеді.

2. Оның барлығын карточкаға түсіру керек. Бірінші жүппен ол ойларды, ұсыныстарды талқылау қажет.

3. Осыдан кейін „Ой алмасуға“ бүкіл класс оқушылары қатысуы керек.

4. Мұғалім оқушы ойларын бір жүйеге түсіріп, бағыттап отыруға міндетті.

5. Бұл сабактағы грамматикалық материалдар Үй дәптерінде жалғастырылған.

6. Үй дәптерін класта — міндettі түрде оқу процесі кезінде тексеріп немесе талқылап отыру керек.

## 10-қадам

### Абай — дара, Абай дана қазақта

- Сабактың мақсаты:
- Абай туралы оқушыға тереңірек білім алуға көмектесу.
- Абай поэзиясының тілін, философиясын түсінуге көмектесу.
- Абайдың қара сөздерін түсінуге көмектесу.
- Осы контексте қалау райды кенейтіңкіреп оқытып, қолдануға үйрету. Шартты райдың түрлерін және олардың қолданысын үйретіп жаттықтыру.
- Ән айту — Абай поэзиясының тілін түсінгеннен соң, Абайдың әнін үйренуге бейімдеу.
- Қайталау.

Қайталауға жаттығулар берілмеген, өйткені шақтар формасын кесте арқылы беріп, жалпы әсер жасау көзделген. Үй дәптеріндегі жаттығулар класстағы жұмыстың жалғасы.

## IV БӨЛІМ

## 11-қадам

### Лексика-грамматикалық тест (Үйретуге арналған)

- Мұғалім осы тестерді жазардан бұрын бірнеше қысқа тестер (жақсы оқитын оқушыларға жасату керек) жасап, оқушыларды дайындауды керек.

- Үйретуге арналған бұл тестіні оқушылар класта өздері тексереді; мұғалім тек олардың қателерін үғындырып түсіндіруі тиіс.
- Осы жұмыстан соң, бақылау тесін мұғалім жасайды.
- Критерийлер бүкіл Қазақстандық стандартқа негізделген (ол Европа тәжірибесінен алған).

## 12-қадам

### Мерекелер

- **Сабактың мақсаты:**
- Тек қана мерекелер туралы айтқызып қана қоймай, ол мерекелердің адам өміріндегі қызметін көрсету.
- Сол мерекелерді тойлағанда қоғам мүшесі ретінде қазақ тілінде қалай сөйлеуі керектігін үйрету көзделген.
- Құттықтау.
- Ашық хат жазу.
- Телефонмен танысын, досын, туысын құттықтау және т. б.
- **Сөйлеу. Тыңдау. Оқу. Жазу** — бұрынғы сабактарда айтылған өдістемелер қайталанады.
- Тыңдау — сұрақта жауап беру, сұхбаттасу кезінде өз сұрағына жауапты түсіну, жүппен немесе топпен жұмыс кезінде басқа оқушылардың сөйлеуін түсіне білу, мұғалімнің күнделікті сөйлеуін түсіну арқылы дамытылады. Тыңдау процесін тек қана „таспаға жазылған сөйлеуді түсіну“ деп шектемеу қажет.

## V БӨЛІМ

### ТАМАҚ

#### 13-қадам

#### Дастархан

- Сабактың мақсаты:
- Қазақтың дастарханымен, үлттық тағамымен және шайымен таныстыру.
- Қазақ дәстүрі бойынша бата беру дәстүрімен таныстыру.
- Сонымен қатар „Мен тамақты қалай ішемін?“ атты төсті жасата отырып, тамақ ішудің пайдалы және пайдасыз екендігін, тамақтар түрлерін үйрету. Жауаптың нәтижесін Үй дәптерінен қарau.
- Осы контексте ырықсыз етіс бойынша жаттықтыру және басқа да етіс түрлерімен таныстыру. Демеуліктер қолданысын үйрету.
- Оқушының сүйікті тамағы туралы айтқызу және кішігірім әңгіме немесе шығарма жазғызу.
- Сөйлеу. Тыңдау. Оқу. Жазу.
- Алдынғы сабактарда айтылған әдістер — текстен бұрынғы, текстен кейінгі жаттығулар ізімен жасалғаны жөн.
- Үй дәптерінде дерлік грамматикалық материалдармен жұмыс істелінеді. Осы сабак соында 8—9, 10—11, 12—13-қадамдардағы жаттығулар жауабы берілген.

#### 14-қадам

#### Денсаулық — зор байлық

- Сабактың мақсаты:

● Адам денсаулығы тамакқа және дұрыс тамакта-на білуге байланысты, сондықтан бұл тақырып „Денсаулық — зор байлық“ деп аталып, тамақтану, қонақты күту, қонақ шақыру туралы айтылып кетеді. Ол кездейсоқтық емес. Қонаққа тамақ беру, қонаққа барғанда дұрыс тамақ ішे білу — өте үлкен мәдениет екені бәрімізге анық. Осы көрсетілген мәселелер рет-ретімен беріліп жаттықтырылады.

● **Сөйлеу. Тындау. Оқу. Жазу.**

● Бұл сабакта берілген „Сіз тамакты дұрыс ішे білесіз бе?“ деген сұрақ-жауап „Экономика“ журналынан (ағылшын тілінен аударған автор — Т. А.) алғынған. Бұл сұрақ-жауап тек қана оқуды қалыптастырмайды, тамақ аттарын және адамның өз тамақ ішүіне мән бергізе отырып үйретеді. Кесте арқылы сөйлеу. Әрбір жаттығу әжептәуір жұмыс істеуді және оны белгілі бір уақытта орындауды талап етеді. Жұмыс жасау жүйесі мынандай болуы керек:

а) Мұғалім → оқушылар;

ә) Оқушы → оқушы;

немесе оқушылар → оқушылар (топпен жұмыс);

б) Жеке оқушы ← мұғалім;

в) Жеке оқушы → класс.

● Сөздікпен жұмыс жасау әр уақытта түсіндірме және қос тілді сөздікпен бірге жүруі керек. Мұғалім дайын аударманы айтпағаны жөн. Класқа оқушылар сөздіктер әкеледі. Ұқыпты мұғалім сөздіктерді класта сактайды. Сөз мағыналарын қалай тандауды текстегі мағынасы туралы үйрету керек.

Грамматикалық есімше, көсемше кестелері берілген. Бұл грамматикалық материал Үй дәптерінде жалғасын тауып жаттықтырылады.

## VI БӨЛІМ

### 15-қадам

#### Сіздің жылдыңыз не?

- Сабактың мақсаты:
- Қазақша жыл қайыру, мүшел жас деген үғымдарды түсіндіру.
- Ай аттары, күн аттарымен таныстыру.
- Осы контексте қалау райдың түрлерімен таныстырып, қолданыс аясын көрсете отыра жаттықтыру.
- Бұрынғы сабактардағы әдістеме бойынша жұмыс жасау керек.
- Бұл сабактың жалғасы Үй дәптерінде.

### 16-қадам

#### Сіз бұл кісілерді білесіз бе?

- Сабактың мақсаты:
- Қазақтың атақты адамдары өмірінен мағлұмат беру.
- Алматы қаласындағы көше, даңғыл, театр аттары туралы мағлұмат беру.
- Қазақ халқы өмірінің қыын кезендерінен қысқа информация беру.
- Сөздердің мағынасын түсіну мақсатында жұмыс жасату.
- Барлық шақтарды, әсіресе өткен шақты, үстелерді қайталату, сол арқылы сөйлетуге баулу.
- Сұхбат алуға үйрету.
- Кішігірім шығарма жаздырту.

Қалған жұмыстар өткен сабактардағы сияқты әдіспен жасалынғаны жөн.

Бұл сабактың жалғасын Үй дәптерінен табасыз.

## VII БӨЛІМ

### 17-қадам

#### Лексика-грамматикалық тест

- Бұл тест үйретуге арналған, сондықтан Үй дәптеріндегі сияқты мұғалім тест жасап дайындық өткізуі керек. Бұл жұмысқа оқушыларды қатыстыруға болады.

## VIII БӨЛІМ

### 18-қадам

#### ӨНЕР

#### Базарлық аласыз ба?

- Сабактың мақсаты:
- Қазақтың зергерлік өнері туралы мағлұмат беру және таныстырып сөйлету.
- Алматыға келген жолаушы қазақтың зергерлік бұйымдарын қай жерден алатынын және қалай сұрап алатынын үйрете отырып сөйлету.
- Қазақтың зергерлік бұйымдарын АҚШ-тағы үндістердің зергерлік бұйымдарымен салыстыртқызу, үқастығын көру.
- Проблеманың шешімін табуға үйрету: дүкенге барғысы келетінін және оны жоспарлауды, не алатынына байланысты тізім жасату.

- Осы контексті өткен шақта үстеу формаларында беріп, сөйлету.
- **Сөйлеу. Тыңдау. Оку. Жазу.** Сөйлеу әрекеттері бәрі бір үндестікпен жүргізіледі.
- Осы сабактың жалғасы Үй кітабында.

## 19-қадам

### Ойын ойнаймыз

- Сабактың мақсаты:
- Қазақтың негізгі ұлттық ойындарымен таныстырып сөйлету.
- Өз мәдениетіндегі ұлттық ойындармен салыстырып сөйлету.
- Сөздердің мағынасына мән бергіze отырып, түсіндірмे сөздікпен жұмыс жасату.
- Осы тақырыпқа байланысты оқушы тәжірибесін айтуға көмектесу.
- Шақтарды қайталау. Мезгілдік үстеулердің қолданыс аясын көрсету.
- **Сөйлеу. Тыңдау. Оку. Жазуға** басқа сабактардағыдай жұмыс жасалынады.
- Бұл тақырыптың жалғасы Үй кітабында.

## 20-қадам

### Аң аулау

- Сабактың мақсаты:
- Аң аулау — қазақ халқының көне кәсібі. Осы тақырып туралы, оның түрлері туралы оқушыға мағлұмат беру.
- Аң аулауға байланысты кәсіби сөздермен таныстырып сөйлету.

- Өз мәдениетіндегі ан аулау кәсібімен салыстырып сөйлету.
- Осы тақырыпқа байланысты өз тәжірибесін айтуда көмектесу.
- Осы контексте өткен грамматикалық материалды қайталау; Құрмалас сөйлемнің түрлері, оның ішінде салалас құрмалас сөйлем түрлерімен таныстыру.
- Сөйлеу. Тындау. Оқу. Жазуға арналған жұмыс әдеттегідей жүргізіледі.
- Осы сабактың грамматикалық материалының жалғасы Үй дәптерінде. Жаттығулар кластағы ережелерге лайықтандырылып берілген. Мұғалім бұл жаттығуларды класта уақыт тауып тексеруі керек.

## 21-қадам

### Ат жарысы

- Сабактың мақсаты:
- Ат жарысы — қазақтың өте ерте айналысқан кәсібі: көшпенді қазақ өмірінде жылқы орны ерекше болған. Ат жарысының түрлерімен оқушыны таныстыра отырып сөйлету.
- Оқушының осы тақырыпқа байланысты тәжірибесі болса, айтуда көмектесу.
- Сұхбат алуға баулу (осы тақырып бойынша).
- Осы контексте сабактас құрмалас сөйлемнің басқа түрлерінің қолданысын түсіндіріп үйрету.
- Бәйге туралы сөйлету және өз тәжірибесін жазғызу.
- Сөйлеу. Танысу. Оқу. Жазуға әдеттегідей жұмыс жасалынады.

- Бұл сабактағы грамматикалық материалға арналған жұмыс Үй кітабында.

## IX БӨЛІМ

### АТА-БАБА

22-қадам

#### Ата-баба туралы біраз сөз

- Сабактың мақсаты:
- Қазақтың атақты билерімен оқушыны таныстыра отырып сөйлету.
- Бір би ерекшелігін екінші бимен салыстыра сөйлету.
- Билердің ерекшелігін көрсете отыра сөйлету.
- Алматыдағы осы билер көшелері туралы айтқызу.
- Сөздердің және сөз тіркестерінің мәнін түсінуі үшін түсіндірме сөздік арқылы жұмыс жасату.
- Сұхбат алғызып, сол сұхбат туралы жазғызу.
- Осы контексте төл сөзді төлеу сөзге ауыстыру жолдарын көрсетіп үйрету.
- Төл сөзді төлеу сөзге ауыстыра отырып, осы кісілер жөнінде жаңа мағлұмат бөре сөйлету.
- **Сөйлеу. Тыңдау. Оку. Жазуға** әдеттегідей жұмыс жоспарланған.
- Бұл сабактағы төл сөз, төлеу сөз өз жалғасын Үй кітабынан табады.
- Үй дәптеріндегі жаттығуларды класта талқылап, оқушы ойына ой қоса отыра тексеруі керек.

## **23-қадам**

### **„Жеті“ сөзі сөйләйді**

- Сабақтың мақсаты:
- Жеті сөзінің қазақ халқының өмірінде өрекшे орын алатындығын көрсету.
- Жеті сөзіне қатысты сөз тіркестерін түсіне білуге және оларды орынды қолдана отыра дұрыс жауап беруге үйрету.
- Осы контексте сұхбаттаса білуге үйрету.
- Өз мәдениетінде осындай сан есім болса, сонымен салыстыра сөйлету.
- Сұхбат туралы жазуды үйрету.
- Бұл сабакта оқуға аса мән беріледі.

Сөйлеу, тыңдау және жазуға әдеттегідей жұмыс істету.

## **24-қадам**

### **Үзінділер**

- Сабақтың мақсаты:
- Оқуды дағдыландыру.
- Оқыған кезде негізгі ойды, атақты кісілер философиясын түсіну.
- Әңгімені логикалық бөліктерге бөлуді үйрету.
- Негізгі түйінді көре білуге үйрету.
- Осы оқығаны жайлы біреуге айта білуді үйрету.
- Осы сабак жалғасы Үй кітабына үласады. Онда үлкен үзінділер тарауы бар.

## X БӨЛІМ

### 25-қадам

#### Лексика-грамматикалық тест

- Сабактың мақсаты:
- Бақылау тестісіне дайындық. Бірнеше қысқа тестер жасап, оқушыны жаттықтыру керек. Содан кейін ғана осы тесті жаздыру қажет. Осы сабактың алдында 1 сабак жаңа сөздерді және грамматикалық материалдарды қайталауға арналуы тиіс.
- Екінші сабак — осы тестке арналуы керек.
- Үшінші сабак — осы тест қателерді талқылауға, тұжырым жасауға арналады.

#### Тестің жауабы:

### 25-қадам

I.

- |      |       |       |       |
|------|-------|-------|-------|
| 1. ә | 6. б  | 11. б | 16. ә |
| 2. б | 7. б  | 12. а | 17. ә |
| 3. а | 8. б  | 13. ә | 18. ә |
| 4. а | 9. ә  | 14. ә | 19. ә |
| 5. ә | 10. б | 15. ә | 20. ә |

II.

- |       |       |       |       |
|-------|-------|-------|-------|
| 21. ә | 22. а | 23. ә | 24. ә |
|-------|-------|-------|-------|

III.

- |       |       |       |       |
|-------|-------|-------|-------|
| 25. а | 26. ә | 27. а | 28. а |
| 29. а | 30. ә |       |       |

- Үй кітабы жайлы бірер сөз.  
Қосымша үзінділер тарауы.
- **Бұл тараудың мақсаты:**
  - Негізгі оқулықтағы өткен тақырыптарды қайталау мақсатымен әр түрлі үзінділер берілген. Мысалы: Ата-ана туралы газеттер қындысы берілген.
  - Оқулық сонында әр тақырыпқа лайық қындылар, өнгімелер неге берілген? Себебі оқушының осы мақалаларды түсінуге білім деңгейі жеткілікті, оқыған мақаласы туралы еркін сұрақтарға жауап беріп, өз ойын жеткізіп айта алады және сол туралы жаза алады.
  - Осы сияқты алдын-ала жасалынатын жұмыстар оқушыны кез келген мақаланы түсінуге үйретеді.
  - Сол мәселе тәнірегінде өз ортасында қазак тілінде еркін ой қозғауға, ой алмасуға үйретеді.
  - Ата-ана туралы мақала „Отбасы“ бөліміне байланысты берілген.
  - „Жұмыссыздар қатары өсе бере ме?“ мақаласы „Жұмыс“ тақырыбына байланысты берілген.
  - Екі мақала қазақ елінің тұлпары жайлы берілген. Бұл „Көлік“ тақырыбына сай қатысты.
  - Студенттер жайлы мақала „Денсаулық“ және „Күн көріс“ тақырыптарына байланыстырылған.
  - Осы мақаладағы сұрақтарға оқушыларға да жауап бергізу керек.
  - „Аралды құтқаруға болады“ атты мақала „Денсаулық“ тақырыбына байланысты берілген. Экология мәселесі тікелей денсаулыққа байланысты екені әбден анық.

- „Ақиқат“ мақаласы „Сіз мына кісілерді білесіз бе?“ тарауымен байланыстырылып берілген...

### **Жаңа хабар.**

- „Бестің берекесі көп“ атты әңгіме „Жеті сөзі сөйлейді“, киелі сандар сырына қатысты берілген.
- „Төрлет, Майя ханым!“ атты мақала „Конак күту“ тақырыбына лайықталып берілген.
- „Жас қанат-97“ мақаласы да осы „Конактар“ (Алматыға келген қонақтар ғой) тақырыбына сай берілген.
- „Мерекелер“ тақырыбына байланысты наурыз тойының мұхит асып, АҚШ-та тойланып жатқан-дығын айтатын мақала бар.
- Осы мерекені оқушы қалай өткізгендігі жайлы класта талқылап (7 сабак бойы), үйде жазу керек. Үй дәптеріндегі 1 немесе 1, 2 мақала бір сабакқа толық жұмыс жасауға жететін материалдар. Оларды әбден өз деңгейіне жеткізе отырып оқушыларға жұмыс жасатуға болады. Ол мұғалімнің тәжірибесіне, шығармашылығына тығыз байланысты.

**Іске сәт, құрметті ұстаз!**

**Автор**

## МАЗМҰНЫ

КУРСТЫҢ СИПАТТАМАСЫ . . . . .	3
КУРСТЫҢ НЕГІЗГІ ӘДІСТЕМЕ БАҒЫТТАРЫ . . . . .	4
ОҚЫТУ ТӘСІЛДЕРІ . . . . .	6
I БӨЛІМ <b>ОТБАСЫ</b> . . . . .	15
1-қадам. <b>Өз үйім</b> . . . . .	—
2-қадам. <b>Жеті ата</b> . . . . .	16
3-қадам. <b>Қазақтар</b> . . . . .	17
4-қадам. <b>Жұмыс</b> . . . . .	18
5-қадам. <b>Күн көріс</b> . . . . .	21
6-қадам. <b>Отбасы сыйластыры</b> . . . . .	22
II БӨЛІМ <b>САПАР ШЕГУ</b> . . . . .	24
7-қадам. <b>Көлік</b> . . . . .	—
8-қадам. . . . .	25
III БӨЛІМ <b>АБАЙ ЕЛІ</b> . . . . .	26
9-қадам. . . . .	—
10-қадам. <b>Абай — дара, Абай дана қазакта</b> . . . . .	27
IV БӨЛІМ . . . . .	27
11-қадам. <b>Лексика-грамматикалық тест</b> . . . . .	—
12-қадам. <b>Мерекелер</b> . . . . .	28
V БӨЛІМ. <b>ТАМАҚ</b> . . . . .	29
13-қадам. <b>Дастархан</b> . . . . .	—
14-қадам. <b>Денсаулық — зор байлық</b> . . . . .	—
VI БӨЛІМ. . . . .	31
15-қадам. <b>Сіздің жылыңыз не?</b> . . . . .	—
16-қадам. <b>Сіз бұл кісліреді білесіз бе?</b> . . . . .	—
VII БӨЛІМ. . . . .	32
17-қадам. <b>Лексика-грамматикалық тест</b> . . . . .	—

VIII БӨЛІМ. ӨНЕР	32
18-қадам. Базарлық аласыз ба?	—
19-қадам. Ойын ойнаймыз.	33
20-қадам. Аң аулау.	—
21-қадам. Ат жарысы.	34
IX БӨЛІМ. АТА-БАБА	35
22-қадам. Ата-баба туралы біраз сөз.	—
23-қадам. „Жеті“ сезі сөйлейді.	36
24-қадам. Үзінділер.	—
X БӨЛІМ.	37
25-қадам. Лексика-грамматикалық тест.	—

ТЕСТИҢ ЖАУАБЫ.

Учебное пособие  
АЯПОВА ТАНАТ ТАНИРБЕРДИЕВНА  
**КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК**  
Книга для учителей  
(на казахском языке)  
Оку құралы  
АЯПОВА ТАҢАТ ТӘҢІРБЕРДІҚЫЗЫ  
**ҚАЗАҚ ТІЛІ**  
**Мұғалім кітабы**

Редакторы *Ш. Жамықаев*  
Суретшісі *В. В. Пак*  
Техникалық редакторы *Л. И. Конькова*

Теруге тапсырылды 03.10.97. Басуға қол қойылды 20.11.97  
Пішімі 70x1001/16. Баспаханалық қағ. № 1. Әріп түрі "Прагма".  
Шартты баспа табағы 3,6. Шартты бояу көлемі 3,7.  
Есепке алғынатын баспа табағы 1,32.  
Таралымы 1000. Тапсырыс 162.

„Фылым“ баспасы  
480100, Алматы, Пушкин көшесі, 111/113  
„Фылым“ баспасының баспаханасы  
480021, Алматы, Шевченко көшесі, 28